# "ІІ, ІІІ және ІV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы әкімдігінің 2013 жылғы 22 мамырдағы N 29/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 шілдеде N 2351 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 44/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 27.08.2014 № 44/02 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы", 2012 жылғы 8 тамыздағы N 1033 "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және жергілікті атқарушы органдар көрсететін қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы", 2012 жылғы 29 желтоқсанындағы N 1755 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", 2010 жылғы 26 қазанындағы N 1116 "Электрондық мемлекеттік қызметінің үлгі регламентін бекіту туралы" қаулыларына және Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 30 наурыздағы N 94-ө "Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін құжаттардың нысандарын және оларды толтыру тәртібін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4615 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызметті ұйымдастыру мақсатында, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "ІІ, ІІІ және ІV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің

орынбасарына жүктелсін.

3. Осы "II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы" қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімі Б. Әбдішев*

КЕЛІСІЛДІ

*Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация Министрі А. Жұмағалиев*

*31.05.2013*

Қарағанды облысы әкімдігінің 2013 жылғы 22 мамырдағы N 29/01 қаулысымен бекітілген

## "II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. "II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – қызмет) "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекет мекемесімен (бұдан әрі – қызмет беруші), халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы (бұдан әрі – орталық), сондай-ақ мекенжайы www.e.gov.kz бойынша "электрондық үкімет" веб-порталы және мекенжайы www.elicense.kz бойынша "Е-лицензиялау" веб-порталы арқылы көрсетіледі.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 тамыздағы N 1033 "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және жергілікті атқарушы органдар көрсететін қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген "II, III және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" мемлекеттік қызмет Стандарты, Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының 2 тармағы және "Электрондық мемлекеттік қызметінің үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы N 1116 қаулысының негізінде және де 2007 жылғы 9

қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексі N 212 "Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" сәйкес көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған (медиа - алшақтықты қамтитын электрондық мемлекеттік қызмет).

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық қызмет.

5. Осы регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) ақпараттық жүйе – ақпараттық-бағдарламалық кешенді қолдану мен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру, және беру үшін арналған жүйе (бұдан әрі - АЖ);

2) бизнес сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлғаға (филиал мен өкілдікке) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

3) "Е-лицензиялау" веб-порталы - берілген лицензиялардың қайта ресімделген, тоқтаттырылған, қайта басталған және тоқтатқан әрекеттері, сонымен бірге лицензиаттармен берілетін лицензияның орталықтандырған сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру (түр тармағы) қызмет түрін орындайтын лицензиаттардың филиалдар, (объектілер, тармақтар, бөлімшелер) өкілдіктері туралы мәлімет болатын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ);

4) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға үшін құрастырылатын бірегей нөмір, соның ішінде дербес кәсіпкерліктің түріндегі қызмет орындайтын жеке кәсіпкер (бұдан әрі - ЖСН);

5) "Жеке тұлға" мемлекеттік деректер базасы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және өкілеттік шеңберінде мемлекеттік басқарма органдарына және өзге де субъектілерге олар туралы маңызды және сенімді мәліметтер беру және Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың сәйкестендіру бірлігін енгізу мақсатымен жеке сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімін жасау, ақпаратты автоматизациялау жинағы, сақтау және өңдеу үшін арналған ақпараттық жүйе(бұдан әрі - ЖТ МДБ);

6) "Заңды тұлға" мемлекеттік деректер базасы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және өкілеттік шеңберінде мемлекеттік басқарма органдарына және өзге де субъектілерге олар туралы маңызды және сенімді мәліметтер беру және Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың сәйкестендіру бірлігін енгізу мақсатымен бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімін жасау, ақпаратты автоматизациялау жинағы, сақтау және өңдеу үшін арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЗТ МДБ);

7) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі - Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету

орталықтары, және де осыған сәйкес министрліктер мен мекемелер жүйесі арқылы халыққа (жеке және заңды тұлғаларға) қызметті жеткізу үдерісін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ХҚКО АЖ);

8) құрылымдық – функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі, мекемелер немесе өзге де ұйымдар және ақпараттық жүйелер;

9) медиа-ажырау - қызметтерді көрсету үдерісінде қағаз және электронды құжат айналымының кезектесуі, мұндайда құжаттардың электронды түрден қағаз түріне немесе керісінше алмасуы қажет;

10) пайдаланушы - қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект (тұтынушы, қызмет беруші);

11) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

12) тұтынушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке немесе заңды тұлға;

13) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

14) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологиялардың қолданылуымен электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

15) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮП);

16) "электрондық үкіметтің" шлюзі – электрондық қызметті іске асыру аясында "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ);

17) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнның өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі (бұдан әрі – ЭЦҚ).

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі қызмет беруші іс-әрекетінің тәртібі

6. Қызмет берушінің ЭҮП арқылы қадамдық іс-әрекеттері мен шешімдер ( қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-әрекет N 1 диаграммасы) осы

Регламенттің 2 қосымшасында көрсетілген:

1) тұтынушы ЭҮП-те тіркелуді алушы компьютерінің ғаламтор-браузеріне сақтап қойған өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен жүзеге асырады (ЭҮП–ке тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – мемлекеттік қызмет көрсету үшін тұтынушымен ЭҮП енгізу ( авторизациялау үдерісі), тұтынушының компьютеріндегі ғаламтор-браузеріне ЭЦҚ тіркеу куәлігін қосу;

3) 1-шарт – тіркелген тұтынушы туралы деректердің дұрыстығын логин (БСН /ЖСН) және пароль арқылы ЭҮП тексеру;

4) 2-үдеріс – тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты ЭҮП авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, тұтынушы нысанды толтыруы үшін сұраныс нысанын экранға шығару ( деректерді енгізу) қажетті құжаттарды электрондық түрде сұрау салу нысанына қосу;

6) 4-үдеріс – сұранысты куәландыру (қол қою) үшін тұтынушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

7) 2-шарт – ЭҮП-те ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін және тіркеу куәлігінің қайта шақырылған (күші жойылған) тізімінде жоқтығын, сонымен қатар сәйкестендіру деректерінің сұраныс көрсетілген БСН/ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген БСН/ЖСН арасындағы сәйкестілігін тексеру;

8) 5-үдеріс – тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұралатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс – мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты толтырылған нысанына (енгізілген деректерді) тұтынушының ЭЦҚ арқылы куәландыру (қол қою);

10) 7-үдеріс – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ электрондық құжатты (алушының сұранысы) тіркеу және "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұранысты өңдеу;

11) 3-шарт – рұқсат беру үшін тұтынушының негізге және біліктілік талабына сәйкестілігін қызмет берушімен тексеру;

12) 8-үдеріс – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұралынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

13) 9-үдеріс - тұтынушының "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қалыптастырылған қызметті көрсету нәтижесін алуы (II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат). Электрондық құжат қызмет беруші уәкілетті

тұлғаның ЭЦҚ пайдалануымен қалыптастырылады.

7. Қадамдық іс-әрекеттер мен шешімдер қызмет беруші арқылы (қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-әрекет N 2 диаграммасы) осы Регламенттің 2 қосымшасында келтірілген:

1) 1-үдеріс – қызмет беруші қызметкердің электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін "Е-лицензиялау" МДБ АЖ-да логин және парольді енгізуі ( авторизациялау үдерісі);

2) 1-шарт - логин және пароль арқылы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызмет беруші тіркелген қызметкер туралы деректердің түпнұсқалығын тексеру;

3) 2-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұралынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3-үдеріс – қызмет берушінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұраныс нысанын экранға шығару және тұтынушы деректерін қызмет беруші қызметкері мен енгізу;

5) 4-үдеріс – тұтынушы туралы сұранысты ЭҮШ арқылы ЖТ МДБ/ЗТ МДБ жіберу;

6) 2-шарт – тұтынушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болуын тексеру;

7) 5-үдеріс – тұтынушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс – тұтынушымен берілген қағаз нысандағы құжаттардың болуы және қажетті құжаттарды қызмет беруші қызметкерімен сканерден өткізу туралы белгіленген бөлімдегі сұраныс нысанын толтыру және оны сұраныс нысанына қосу;

9) 7-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұранысты тіркеу және " Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызмет көрсетуді өңдеу;

10) 3-шарт – рұқсат беру үшін тұтынушының негізге және біліктілік талабына сәйкестілігін қызмет берушімен тексеру;

11) 8-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұраныс қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 9-үдеріс – тұтынушының "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қалыптастырылған қызметті көрсету нәтижесін алуы (II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат). Электрондық құжат қызмет беруші уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ пайдалануымен қалыптастырылады.

Мемлекеттік қызметті қағаз тасымалдағышта алу үшін тұтынушы қағаз тасымалдағыштағы құжаттар пакетін қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы ұсынады.

8. Оператордың АЖО ХҚКО АЖ Орталық арқылы қызмет көрсету кезіндегі

функционалдық өзара іс-әрекет (N 3 диаграммасы) осы Регламенттің 2 қосымшасында көрсетілген:

1) 1-үдеріс - Орталық операторының қызмет көрсету үшін логин және парольді АЖО ХҚКО АЖ енгізу (авторизациялау үдерісі);

2) 2-үдеріс – Орталық операторының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұраныс нысанын экранға шығару және Орталық операторының тұтынушы деректерін енгізу;

3) 3-үдеріс - тұтынушы туралы сұранысты ЭҮШ арқылы ЖТ МДБ/ЗТ МДБ жіберу;

4) 1-шарт - тұтынушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болуын тексеру;

5) 4-үдеріс - тұтынушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;

6) 5-үдеріс - тұтынушымен берілген қағаз нысандағы құжаттардың болуы және қажетті құжаттарды Орталық операторымен сканерден өткізу туралы белгіленген бөлімдегі сұраныс нысанын толтыру, оны сұраныс нысанына қосу және қызмет көрсетуге сұраныс толтырылған нысанына (енгізілген деректерді) ЭЦҚ арқылы куәландыру;

7) 6-үдеріс – Орталық операторының ЭЦҚ куәландырылған (қолы қойылған) электрондық құжатты (тұтынушының сұранысы) ЭҮШ арқылы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ жіберуі;

8) 7-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ электрондық құжатты тіркеу;

9) 2-шарт - рұқсат беру үшін тұтынушының негізге және біліктілік талабына сәйкестілігін қызмет берушімен тексеру;

10) 8-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұраныс қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) 9-үдеріс – тұтынушының Орталық операторы арқылы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қалыптастырылған қызметті көрсету нәтижесін алуы (II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат).

Мемлекеттік қызметті қағаз тасымалдағышта ХҚКО арқылы алу үшін тұтынушы қағаз тасымалдағыштағы құжаттар пакетін ХҚКО-на ұсынады.

9. "Е-лицензиялау" веб-порталында сұраныс нысанын толтыру және қызмет көрсетуге жауаптар келтірілген www.elicense.kz.

10. Тұтынушының электрондық мемлекеттік қызмет көрсету бойынша орындау мәртебесін тексеру тәсілі: ЭҮП-ның "Алынған қызметтер тарихы" бөлімінде, сондай-ақ ЖАО немесе ХҚКО жолыққан кезде.

11. Қызмет көрсету бойынша қажетті ақпарат пен кеңесті call–центрдің: (1414 ) телефоны бойынша алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі өзара іс-әрекет тәртібін сипаттау

12. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ тізбесі:
1) ЭҮП;
2) ЭҮШ;
3) "Е-лицензиялау" МДБ АЖ;
4) ЖТ МДБ/ЗТ МДБ;
5) ХҚО АЖ;
6) АЖО ХҚКО АЖ;
7) қызмет беруші.

13. Әрбір іс-әрекеттің орындалу мерзімін көрсете отырып, іс-әрекеттерінің ( рәсімдерінің, функцияларының, операцияларының) дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

14. Іс-әрекеттердің логикалық дәйектілігінің арасындағы (қызмет көрсету кезіндегі) өзара байланысты олардың сипаттамаларына сәйкес көрсететін диаграмма осы Регламенттің 2 қосымшасында келтірілген.

15. "ІІ, ІІІ және IV санаттағы нысандар үшін қоршаған ортаға эмиссия жасауға рұқсат беру" электронды мемлекеттік қызмет көрсетуге бланкілер нысандары осы регламенттің 3-қосымшасында көрсетілген.

16. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламенттің 4 қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

17. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қойылатын талаптар:
1) құпиялылық (ақпараттың рұқсат етілмеген алуынан қорғау);
2) тұтастық (ақпараттың рұқсат етілмеген өзгеруінен қорғау);
3) қол жетімділік (ақпараттың рұқсат етілмеген ұстап қалуы және ресурстардан қорғау).

18. Қызмет көрсетудің техникалық шарттары:
интернетке немесе ресурсқа қол жеткізу үшін қажетті өзге қондырғыға шығатын компьютердің, ұялы телефонның болуы.

"ІІ, ІІІ және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

### 1. Кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-әрекет сипаттамасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекет N (жұмыстар барысы, ағыны) | 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | ҚФБ атауы | Тұтынушы | ЭҮП | Тұтынушы | Тұтынуш |
| 3 | Іс-әрекет (үдерістің, рәсімдердің, операциялардың) атауы және олардың сипаттамалары | ЭЦҚ тіркеу куәлігін тұтынушының компьютеріндегі ғаламтор-браузерінде бекіту | Тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады | Қызметті таңдайды және сұраныс деректерін қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіте отырып қалыптастырады | Куәланды үшін сұраныск қол қою ЭЦҚ таңд |
| 4 | Аяқтау нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім) | Сұраныстың сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі | Сұралынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сұраныстың сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі | Сұраныст бағыттау |
| 5 | Орындалу мерзімі | 10-15 сек. | 20 сек. | 1,5 мин. | 10-15 сек. |
| 6 | Келесі іс-әрекет нөмірі | 2 - егер тұтынушының деректерінде бұзушылық бар болса; 3 - егер авторизациялау сәтті өтсе | - | 4 | 7 - егер Э қате бо 8 - егер Э қатесіз бо |

кестенің жалғасы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| ЭҮП | Тұтынушы | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | ЭҮП |
| Тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сұранысты ЭЦҚ арқылы куәландыру (қол қою) | "Е-лицензиялау" АЖ-да электрондық өтінім құжаттың (тұтынушының сұранысы) тіркеу және "Е-лицензиялау" АЖ-да сұранысты өңдеу | "Е-лицензиялау" АЖ-дағы тұтынушының деректерінде бұзушылықтарға байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық құж Рұқсат) |
| Сұралынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сұранысты бағыттау | Өтінішке нөмір беру сұранысын тіркеу | Сұралған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарландыруды қалыптастыру | Рұқсат |
| 10-15 сек | 1,5 мин. | 1,5 мин. | - | 1 айдан артық еме |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| - | - | 10 - рұқсат беру үшін тұтынушының негізге және біліктілік талабына сәйкестілігін қызмет берушімен тексеру | - | - |

## 2. Кесте. Қызмет беруші арқылы ҚФБ іс-әрекет сипаттамасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекет N (жұмыстар барысы, ағыны) | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 2 | ҚФБ атауы | Қызмет беруші | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | Қызмет беруші | ЗТ МДБ |
| 3 | Іс-әрекет (үдерістің, рәсімдердің, операциялардың) атауы және олардың сипаттамалары | "Е-лицензиялау" МДБ А Ж авторизацияланады | Деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Қызмет беруші қызметкерінің қызметті таңдау | Тұтынушы т сұранысты тексеруге ЗТ жіберу; |
| 4 | Аяқтау нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім) | Сұраныстың сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі | Сұралынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сұраныстың, сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі | Сұранысты бағыттау |
| 5 | Орындалу мерзімі | 10-15 сек. | 10 сек. | 1,5 мин. | 1,5 мин. |
| 6 | Келесі іс-әрекет нөмірі | 1 - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ-да қызмет беруші қызметкерінің логині мен паролі деректерінің түпнұсқалығын тексеру | - | 4 | 5 - ег тұтынушын деректерінд бұзушылық болса;<br>6 - ег авторизация сәтті өтсе |

кестенің жалғасы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | Қызмет беруші | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | "Е-лицензиялау" АЖ |
| Деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты бас тарту | | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұраныс тіркеу және "Е-лицензиялау" | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| туралы хабарламаны қалыптастыру | Құжаттарды тіркеу мен сұраныс нысанын толтыру | МДБ АЖ қызмет көрсетуді өңдеу | бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру; | Электрондық құ Рұқсат) |
| Сұралынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сұраныстың, сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі | Жүйеге өтінішке нөмір беру сұранысын тіркеу | Сұраныстың электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Рұқсат |
| 1,5 мин | 10-15 сек. | 1,5 мин. | - | 1 айдан артық ем |
| - | - | 8 - сұраныс бойынша деректер "Е-лицензиялау" МДБ АЖ жоқ болса; 9 - егер сұраныс бойынша деректер табылса | - | - |

## 3. Кесте. Орталық арқылы ҚФБ іс-әрекет сипаттамасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекет N (жұмыстар барысы, ағыны) | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 2 | ҚФБ атауы | АЖО ХҚКО АЖ | Орталық операторы | Орталық операторы | ЖТ МДБ/ЗТ I |
| 3 | Іс-әрекет (үдерістің, рәсімдердің, операциялардың) атауы және олардың сипаттамалары | Орталық операторы логин және пароль арқылы авторизацияланады | Қызмет көрсетуді таңдау және сұраныс нысанын қалыптастырады | ЖТ МДБ/ЗТ МДБ сұранысты жіберу | Тұтынушы деректерінің болмауына байланысты деректерді мүмкін емес туралы хабарламаны қалыптастыру |
| 4 | Аяқтау нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім) | Жүйеге өтінішке нөмір беру сұранысын тіркеу | Сұраныстың сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі | Сұранысты бағыттау | Дәлелді б тартуды қалыптастыру |
| 5 | Орындалу мерзімі | 30 сек. - 1 минут | 30 сек. | 1,5 мин. | 1,5 мин. |
| 6 | Келесі іс-әрекет нөмірі | 2 | 3 | 4 - егер тұтынушының деректерінде бұзушылық бар болса;<br>5 - егер бұзушылық болмаса | - |

кестенің жалғасы

| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Орталық операторы | Орталық операторы | "Е-лицензиялау" МДБ | "Е-лицензиялау" МДБ | "Е-лицензиялау" |
| ЭЦҚ куәлігін және қажетті құжаттарды енгізіп, сұраныс нысанын толтыру | "Е-лицензиялау" МДБ ЭЦҚ операторымен куәландырылған Құжатты бағыттау (қол қою) | Құжатты тіркеу | Тұтынушы деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық құ Рұқсат) |
| Сұраныстың сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі | Сұранысты бағыттау | Жүйеге өтінішке нөмір беру сұранысын тіркеу | Дәлелді бас тартуды қалыптастыру | Рұқсат |
| 30 сек - 1 минут | 1 минут | 1 минут | 30 сек. - 1 минут | 1 айдан артық ем |
| - | - | 8 - егер бұзушылық бар болса; 9 - егер бұзушылық болмаса | - | - |

"II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## ЭҮП арқылы мемлекеттік электрондық қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-әрекет N 1 диаграммасы




## Қызмет беруші арқылы мемлекеттік электрондық қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл N 2 диаграммасы




## ХҚКО АЖ арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалды өзара іс-әрекеттің N 3 диаграммасы



**Шартты белгілер:**



Бастапқы хабарлама

Аяқтаушы хабарлама

Аралық хабарлама

Қарапайым аяқтаушы хабарлама

Қате

Ақпараттық жүйе

Үдеріс

Шарт

Басқару ағыны

Хабарлама ағыны

Соңғы тұтынушыға берілетін, электрондық құжат

"II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
3-қосымша

Сериясы A-W N 00000

**Қоршаған ортаға**
**эмиссияларға рұқсат беретін органның атауы**
**Қоршаған ортаға эмиссияларға**
**РҰҚСАТ (табиғат пайдаланушының атауы)**

______________________________________________________________

(индексі, пошталық мекенжайы)

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________

Табиғат пайдаланушының есеп нөмірі* ______________________________

Өндірістік объектінің атауы ______________________________

Өндірістік объектінің орналасқан жері ________________________________
______________________________________________________________________

Табиғат пайдаланудың мынадай шарттарын сақтау:

1. Ластаушы заттардың шығарындыларын мыналардан аспайтын көлемдерде (1-қосымша) жүргізу:
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна.

2. Ластаушы заттардың шығарындыларын мыналардан аспайтын көлемдерде (2-қосымша) жүргізу:
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна.

3. Өндіріс және тұтыныс қалдықтарын орналастыруды мыналардан аспайтын көлемдерде (3-қосымша) жүргізу:
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна.

4. Күкірт орналастыруды мыналардан аспайтын көлемдерде (4-қосымша) жүргізу:
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна.

5. Рұқсаттың қолданылу кезеңіне келісілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау.

6. Рұқсаттың қолданылу кезеңіне өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын орындау.

7. Осы рұқсатқа 5-қосымшаға сәйкес табиғат пайдалану шарттары. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың қолданылу мерзімі ____ жылдан ____ жылға дейін.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат қолданылатын технологиялар мен осы

рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттары өзгергенге дейін қолданылады .

Осы рұқсаттың 5-7-тармақтарында көрсетілген қосымшалар мен бағдарламалар осы рұқсаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Басшы (уәкілетті тұлға)

___________________________________________

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (әкесінің аты болған жағдайда)

Мөр орны

қаласы Берілген күні

Ескертпе:

*Табиғат пайдаланушының есеп нөмірі ол берілген жағдайда көрсетіледі.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатқа N 1-қосымша

## Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларына арналған лимиттер

| Заттардың атауы | Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының лимиттері жылдар | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 20 __ | | 20 __ | | 20 __ | | 20 __ | | 20 __ | |
| | г/сек | т/жыл | г/сек | т/жыл | г/сек | т/жыл | г/сек | т/жыл | г/сек | т/ж |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша : | | | | | | | | | | |
| 1-алаң | | | | | | | | | | |
| оның ішінде ингредиенттер бойынша: | | | | | | | | | | |
| 2-алаң және т.б. | | | | | | | | | | |
| оның ішінде ингредиенттер бойынша: | | | | | | | | | | |

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатқа N 2-қосымша

## Сарқынды сулармен ластаушы заттар төгінділеріне арналған лимиттер

| Заттардың атауы | Ластаушы заттар төгінділерінің лимиттері | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жылдар | | | | | | | | | |
| | 20 __ | | 20 __ | | 20 __ | | 20 __ | | 20 __ | |
| | мг/л | т/жыл | мг/л | т/жыл | мг/л | т/жыл | мг/л | т/жыл | мг/л | т/ж |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| Барлығы, олардың ішінде су шығарымдары бойынша: | | | | | | | | | | |
| 1-су шығарымы бойынша | | | | | | | | | | |
| оның ішінде ингредиенттер бойынша: | | | | | | | | | | |
| 2-су шығарымы бойынша және т.б. | | | | | | | | | | |
| оның ішінде ингредиенттер бойынша: | | | | | | | | | | |

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатқа N 3-қосымша

## Қалдықтар орналастыруға арналған лимиттер

| Қалдықтардың атауы | Орналастыру орны | Қалдық коды | Көлемдері, тонна | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жылдар | | | | |
| | | | 20 __ | 20 __ | 20 __ | 20 __ | 20 _ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Барлығы, оның ішінде түрлері бойынша: | | | | | | | |

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатқа N 4-қосымша

## Күкірт орналастыруға арналған лимиттер

| Күкірттің атауы | Орналастыру орны | Көлемдері, тонна | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жылдар | | | | |
| | | 20 __ | 20 __ | 20 __ | 20 __ | 20 __ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

| Барлығы, оның ішінде түрлері бойынша: | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатқа
N 5-қосымша

**Табиғат пайдалану шарттары**

______________________________________________

Нысан

**Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға өтінім**

______________________________________________

(табиғат пайдаланушының атауы)

______________________________________________

(өтінім беруші ұйымның заңды мекенжайы немесе жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы)

1. Жалпы ақпарат

Байланыс телефондары, факс ______________________

Оған өтінім берілетін өндірістік объектінің атауы ______________________

______________________________________________

Табиғат пайдалану санаты (өндірістік объектінің қауіптілік сыныбы) ______________________

Табиғат пайдаланушының есеп нөмірі* ______________________

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________

2. Өндірістік объектінің қоршаған ортаны ластауы көздері орналасқан өнеркәсіптік алаңдардың орналасқан орындары туралы деректер:

1-кесте. Өнеркәсіптік алаңдардың орналасқан орындары туралы деректер

| Өнеркәсіптік алаңның нөмірі | Өнеркәсіптік алаңның атауы | Облыс | Аудан, Елді мекен | Координаталары, град. мин. сек. | | Алып жатқ аумағы, га |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ендік | бойлық | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

3. Ластаушы заттар шығарындыларының (төгінділерінің) және орналастырылатын қалдықтардың (күкірттің) жылдар бойынша сұратылатын лимиттері

2-кесте. Ластаушы заттар шығарындыларына арналған лимиттер

| | | | |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Заттардың атауы | Ластаушы заттар шығарындыларының нормативтік көлемдері | Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының сұратылатын лимиттері | Өтінім берер алдында |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жылғы іс жүзіндеі шығарындылар | |
| | г/сек | т/жыл | г/сек | т/жыл | г/сек | т/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 20 __ жылға | | | | | | |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | | | | |
| 1-алаң | | | | | | |
| оның ішінде ингредиенттер бойынша: | | | | | | |
| 1-алаң және т.б. | | | | | | |
| оның ішінде ингредиенттер бойынша: | | | | | | |

3-кесте. Ластаушы заттар төгінділеріне арналған лимиттер

| Заттардың атауы | Ластаушы заттар төгінділірінің нормативтік көлемдері | | Ластаушы заттар төгінділерінің сұратылатын лимиттері | | Өтінім берер алдында жылғы іс жүзіндегі төгінд көлемі | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мг/л | т/жыл | мг/л | т/жыл | мг/л | т/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 20 __ жылға | | | | | | |
| Барлығы, олардың ішінде су шығарымдары бойынша : | | | | | | |
| 1-су шығарымы бойынша | | | | | | |
| оның ішінде ингредиенттер бойынша: | | | | | | |
| 1-су шығарымы бойынша және т.б. | | | | | | |
| оның ішінде ингредиенттер бойынша: | | | | | | |

4-кесте. Өндіріс және тұтыныс қалдықтарын орналастыруға арналған лимиттер

| Қалдықтың атауы | Қалдық коды | Орналастыру орны | Қалдықтардың нормативтік көлемдері | Қалдықтардың сұратылатын лимиттері | Өтінім берер алдында жылғы қалдықтарды орналастырудың іс жүзі көлемдері |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | т/жыл | т/жыл | т/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 20 __ жылға | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы, олардың ішінде түрлері бойынша: | | | | | |

5-кесте. Күкірт орналастыруға арналған лимиттер

| Атауы | Орналастыру орны | Күкірттің нормативтік көлемдері | Күкірттің сұратылатын көлемдері | Өтінім берер алдындағы жыл жүзіндегі күкірт орналасть көлемдері |
|---|---|---|---|---|
| | | т/жыл | т/жыл | т/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 20 __ жылға | | | | |
| Барлығы: | | | | |

Табиғат пайдаланудың ұсынылатын шарттары: ______________________________________________________________________________

Қоршаған ортаға эмиссиялар осы өтінімде сипатталғанға сәйкес болатынын осымен куәландырамын.

4. Өтінімге мынадай құжаттарды қоса беремін: ______________________________________________________________________________

Кәсіпорын Басшысы (жеке тұлға) _________________ ___________________________
(жеке қолы) (қолын ашып жазу)

Мөр орны

Ескертпе:

*Табиғат пайдаланушының есеп нөмірі ол берілген жағдайда көрсетіледі.

"II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
4-қосымша

## Электрондық мемлекеттік қызметтің "сапалылық" және "қол жетімділік" көрсеткіштерін анықтауға арналған сауалнама түрі

_______________________________________________
(қызмет атауы)

1. Сіз мемлекеттік электрондық қызмет көрсету үрдісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанбаймын;

2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.

2. Сіз мемлекеттік электрондық қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат сапасына қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанбаймын;
2) ішінара қанағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК